

Ақай ауылдық округінің елді мекендерінің көшелеріне атау беру туралы

Ақтөбе облысы Алға ауданы Ақай ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 6 қарашадағы № 11 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 20 қарашада № 3446 тіркелді

Ескерту. Шешімнің мемлекеттік тілдегі атауы мен бүкіл мәтіні бойынша "селолық" сөзі "ауылдық" сөзімен ауыстырылды – Ақтөбе облысы Алға ауданы Ақай ауылдық округінің әкімінің 10.12.2014 № 13 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Қазақ тіліндегі шешімнің деректемесінде "селолық" сөзі "ауылдық" сөзімен ауыстырылды, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді – Ақтөбе облысы Алға ауданы Ақай ауылдық округі әкімінің 09.04.2018 № 13 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және тұрғындардың пікірін ескере отырып, Ақай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Осы шешімге қоса беріліп отырған схемалық картаға сәйкес орналасқан Ақай ауылдық округі елді мекендерінің көшелеріне төмендегі атаулар берілсін:

Ақай ауылы:

- 1) В.Фоменко көшесі;
- 2) Ә.Молдағұлова көшесі;
- 3) Тама Есет Көкіұлы көшесі;
- 4) Желтоқсан көшесі;
- 5) Қарақыпшақ Қобыланды көшесі;
- 6) Бәйтерек көшесі;
- 7) Достық көшесі.

2. Көлтабан ауылы:

Береке көшесі;

3. Бұлақсай ауылы:

Жерұйық көшесі;

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК